




КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКИЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ОСНОВАН В 1992 ГОДУ

# Ботаниканың фармациядағы маңызы

*Орындаған: Байбатыр.Г*  
*Тексерген: Алдасугурова.Ч*

- 
- Кіріспе
  - Фармацияда  
ботаниканың маңызы
  - Дәрілік өсімдіктер

# Өзектілігі

- Ботаника-өсімдіктер туралы ғылым. Ол олардың құрылысын, тіршілігін, таралуын, алуан түрлігінің және т.б. зерттейді. Ботаника деген сөз «ботанэ» деген грек тілінен келіп шыққан. Ол өсімдік, шөп деген мағына береді. Ботаника-тірі организмдерді зерттейтін ғылымдар комплексі-биологияның негізгі бір тарауы.
- Өсімдіктер-жануарлар және т.б. организмдер сияқты тірі дүниенің бір бөлігі. Бізді қоршаған орта екі формада болады-тірі дүние және жансыз дүние. Тіршілік дегеніміз тірі дүниенің өмір сүру формасы.
- Ботаника ғылым ретінде б.э.д. IV-V ғасырларда пайда болған. Оның атасы ретінде ежелгі грек оқымыстысы, ұлы Аристотельдің шәкірті Теофраст өсімдіктер турала бірнеше кітаптар жазған. Біздің эрамыздың XV ғасырына дейін ботаниканың дамуына медицина және егіншілікпен айналысу өз ықпалын тигізіп келеді. Бұл кезеңдерде ботаниканың дамуына күш салып, аса көп жұмыс жүргізгендердің ішінен Плиний Старшийді және т.б. атауға болады.

# Фармацияда ботаника

## пәнінің маңызы

● Ботаника ғылымы биологияның басқа да салаларымен тығыз байланысты. Оның ауыл шаруашылық ғылымдарымен де, фармациямен де байланысы зор, себебі ботаника бұл ғылымдар үшін теориялық негіз болып саналады. Фармация-дәрі-дәрмек жасауға пайдаланылатын шикізаттар туралы ғылым. Қазіргі кездегі шығарылатын дәрі-дәрмектің 30 пайызы арнайы дайындалған өсімдік шикізатынан жасалады. Ал кейбір нақтылы ауруларды емдеуге арналған препараттарды алатын болсақ, мысалы, жүрек ауруларын, бауыр және ас қорыту жолдарының ауруларын, ішек құрттарына қарсы қолданылатын, қақырық түсіруші және т.б. Өсімдіктерден жасалған дәрі-дәрмектердің мөлшері 75-80%-ға дейін жетеді. Сондықтан болашақ фармация мамандары (провизорлар) ботаника пәнін жақсы игеруі қажет, себебі олардың келешектегі кәсіптік қызметі дәрі жасауға шикізат болып табылатын дәрілік өсімдіктерді жинау, олардың сапасын анықтау, оларды қорғаумен байланысты. Сонымен қатар, ботаника пәні фармакогнозия пәнін жақсы игеруге де қажет.

● Фармация-дәрі-дәрмек жасауға пайдаланылатын шикізат туралы ғылым. Қазіргі кездегі шығарылатын дәрі-дәрмектің 30 пайызы арнайы дайындалған өсімдік шикізатынан жасалады. Ал кейбір нақтылы ауруларды емдеуге арналған препараттарды алатын болсақ, мысалы, жүрек ауруларын, бауыр және ас қорыту жолдарының ауруларын, ішек құрттарына қарсы қолданылатын, қақырық түсіруші және т.б. Өсімдіктерден жасалған дәрі-дәрмектердің мөлшері 75-80%-ға дейін жетеді. Сондықтан болашақ фармация мамандары (провизорлар) ботаника пәнін жақсы игеруі қажет, себебі олардың калешектегі кәсіптік қызметі дәрі жасауға шикізат болып табылатын дәрілік өсімдіктерді жинау, олардың сапасын анықтау, оларды қорғаумен байланысты





● Ботаника пәні фармакогнозия пәнін жақсы игеруге де қажет. Емдік шикізат ретінде өсімдік маңызы Қазақстанның оңтүстік шекарасын солтүстіктен бөліп, 1800 шақырымға созылып жатқан аймағын романды даланның, жазықтардың, шөл және шөлейт жерлердің алып жатқаны, Республикамыздың батысында Каспий теңізінің, шығысында Алтай жоталарының, оңтүстігінде Тянь-Шанның биік шиңдарының орналасқаны мәлім. Қасиетті қазақтың осынау дархан даласы мен роман, тоғайында 6 мыңнан астам өсімдік, 500 түрлі құс, 178 түрлі аң, 49 түрлі бауырымен жорғалаушылар, 12 түрлі қос мекенділер болса, өзендер мен көлдерде балықтың 107 түрі бар.

# Өсімдік – табиғат

## қазынасы, халық байлығы.

● Өсімдіксіз жер бетінде тіршіліктің болуы мүмкін емес. Себебі ол – тіршілікке қажетті органикалық зат пен оттегінің қайнар көзі, өсімдікке түзілген органикалық заттарды бүкіл тірі ағзалар пайдаланады. Тірі ағзалар тұтынатын және қоректенетін азықтардың негізгі бөлігі өсімдіктер болып табылады. Адам баласы кейбір өсімдіктерді әр түрлі ауруларды емдеуге пайдалануға болатындығын алғашқы қауымдық кезеңнен бастап-ақ білген. Одан бірнеше мың жылдан кейін дәрілік өсімдіктерді амге пайдаланудың мән-жайы халық арасына ауыздан ауызға таралып, кейіннен қағазға жазыла бастаған.





Өсімдіктерді ауру-сырқауды емдеуге пайдалану әр елде өздеріне керек бағытта, әр түрде жүргізілген. Осыдан келіп жалпы дәрілік өсімдіктерді ауруларды емдеуге қолдануда Греция елі біраз роль атқарған. Греция дәрігері Гиппократ дәрілік өсімдіктердің екі жүзден астам түрін жазып, оларды ауруларды емдеуге қалай пайдалануға болатындығы туралы толық ғылыми тұрғыдан түсінік берген. Ал, Грецияның Диоскорид деген дәрігері өзінің Дәрілік заттар деген еңбегінде дәрілік өсімдіктің ялты жүз түрінің қолданылу жолдарын жазған. Медицина саласының жетістіктері көбінесе дәрілік өсімдіктерге байланысты. Дәрілік өсімдіктер бұрынғы кездерде де адамға өте пайдалы болған, болып қала да береді. Кейінгі кездерде дәрілік өсімдіктерге деген талап та біршама өсті. Дәрілік өсімдіктер адам ағзасына зиянын тигізбейді, олар үй жағдайында да адам өзі дайындап қабылдай беруіне болады. дәрілік өсімдіктерге деген сұраныс Орта Азияда жылдарда 250 пайызға өсті, оларды дайындау мүмкіншілігі – 75 пайыз, соған қарағанда дәрілік шөптердің жиналуы әлі де болса қалыпты мөлшерде емес. Қазіргі кезде медицина ғалымдары дәрілік шөптерге барынша ден қойып, әр шөптің организмге қаншалықты пайдалы екенін кеңінен дәлелдеуде.

● Дәрілік өсімдіктер туралы көптеген мәліметтерді Оңтүстік Батыс Азия халықтары да біздің заманымызға жеткізген. Соның ішінде Индия фармакологтары өз елінің флорасынан өсімдіктің сегіз жүзге жуық түрін тапқан. Тибет дәрігерлерінің емдеу әдістері білім негізінде құрылған. Осының арқасында болу керек, тибеттіктерде ауру-сырқауды емдеуге пайдаланатын дәрі-дәрмек түрлері өте көп. Басқа елдерге қарағанда Қытайда бұл көзге көрінерлік жұмыстар жүргізілген. Бұл елде дәрілік өсімдіктер туралы кітап жаңа эрадан екі жарым мың жыл бұрын жазылған.

● Фармаколог Ли Ши-Чжень он алтыншы ғасырда, өзінің жиырма жеті жылдық зерттеу жұмысын жинақтап, елу екі томдық дәрігерлік еңбегін шығарған. Бұл еңбекте дәрілік өсімдіктердің екі мыңға жуық түрі жазылған. Сонымен қатар дәрілік өсімдіктерді жинау, кептіру, одна дәрі жасау әдісі, қандай ауруға қалай пайдалануға болатыны туралы көптеген мәліметтер берілген. Осындай әр елде жүргізілген зерттеулер араб елінің дәрігерлеріне де үлкен әсерін тигізген. Бұдан тоғыз жүз жыл бұрын араб фармакологы Бируни Китаб – ас - майдана деген еңбегінде дәрілік өсімдіктің алты жүзге жуық түрін жазған.



Дәрілік өсімдіктер. Өсімдіктердің бұл тобының емге керекті дәрі алумен қатар, құрамында әр түрлі витаминдер, микроэлементтер, белок, углевод, май, соның ішінде эфир майы болуына байланысты оларды соның тағамдыққа және басқа да халық қажетіне пайдаланады. Бұлардың ішінен көбіне шөп түрлерін тағамдыққа пайдалану жағы басым. Осы қасиетінің арқасында олар көптеген елдерде жалпы тағамның бір түрі болып есептеледі. Франция тұрғындары қайнаған ыссы суға қантты езіп, аюбалдырғанның уақталған жапырақ сабағының үстіне құйып тәтті тағамдар жасайды. Ал солтүстік жақтың тұрғындары аюбалдырғанның жас бұтақтарын уақтап салат жасайды немесе басқа тағамдарға қоспа ретінде пайдаланады. Оның әсіресе дәні мен екі жылдық тамыры кош иісті келеді. Сондықтан оларды ыстық тағамдарға дәмдеуіш ретінде, тағам толық пісуге 3-5 минут қалғанда қосады

● Витаминдерге өте бай өсімдіктердің бірі – қалақай. Бұл өсімдіктің жас жапырағынан щи, салат жасайды. Кавказ елінің тұрғындары оның жас жапырағын тұздап, шайға, етке қосып пісіреді. Ал Грузия жерінде қалақайдың жас жапырақтарын уақтап кесіп, үстіне сірке қышқылын және май қосып, тұз, бұрыш салып салат жасайды. Кептірілген жапырақтарын ұнтақтап нан илейтін ұнға қосады. Бұл жағдайда, 400 грамм ұнға 100 грамм қалақай жапырағының ұнтағын қосу керек.





*M. M. ...*

*... del.*

● Дәрілік өсімдіктер адам өмірі мен денсаулығының маңызды көзі болған және болады да, сондықтан оған деген қажеттілік денсаулықты сақтау мақсаттарына жыл сайын өсуде. Дәрілік өсімдіктерге деген сұраныстың өсуіне байланысты, оларды табиғи әсерлерде дайындау , бірақ оның өзі қазіргі уақытта өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз етуге қабілетсіз. Көптеген дәрілік өсімдіктер регенерациялық қабілеттілігінің төменділігімен сипатталады, олардың жер астының бөлімі орташа есеппен 3-8 жылда қалпына келеді.

# Пайдаланылған әдебиеттер

- Ағелеуов Е. және т.б. Ботаника, өсімдіктер анатомиясы мен
- морфологиясы.
- Әметов Ә.Ә. Ботаника.
- Мұсақұлов Т. Ботаника.

*Назарларыңызға  
рахмет!!!*

